

13. Radin Pavel (priest). Concert belfry as a stage of development of modern bell ringing art. // the sounds of heaven. Bell ringing in the palette of the musical culture of Russia: thesis of the reports from the symposium within the VIII festival «Crystal bell ringing». St. Petersburg ; Kargopol, 2012

14. Ivanov A.E. Bell ringing concerts in church dedicated to the feast of Presentation (St. Petersburg). Is a concert inside the church appropriate? // the sounds of heaven. Bell ringing in the palette of the musical culture of Russia: thesis of the reports from the symposium within the VIII festival «Crystal bell ringing». St. Petersburg ; Kargopol, 2012.

15. Nikanorov A.B. From the silent bell to the ringing bell // the sounds of heaven. Bell ringing in the palette of the musical culture of Russia: thesis of the reports from the symposium within the VIII festival «Crystal bell ringing». St. Petersburg ; Kargopol, 2012.

16. The bell: from the past to the future: materials of the scientific practical conference of the X Easter Festival of bell ringing art in Siberia. Novosibirsk, 2014.

17. Siberian belfry (Novosibirsk). 2007. №1.

УДК 7 (574)

Е. Жанайхан (Павлодар)

САЛ – СЕРІЛІК ӨНЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Автор сал – серілік өнердің зерттелу барысына талдау жасап, сал – серілік өнердің ерекшелігіне ғылыми негіздеме мен түйінді ойлар түзген.

В данной статье автор проанализировал и исследовал понятие «сал – серілік», определил научное обоснование этого понятия.

Е. Жанайхан (Павлодар)

**THE AUTHOR OF THIS ARTICLE ANALIZED, STUDIED
THE NOTION «САЛ СЕРІЛІК» AND YAVE THE
SCIENTIFIC BASIS FOR IT.**

Автор сал – серілік өнердің зерттелу барысына талдау жасап, сал – серілік өнердің ерекшелігіне ғылыми негіздеме мен түйінді ойлар түзген.

В данной статье автор проанализировал и исследовал понятие «сал – серілік», определил научное обоснование этого понятия.

Тәрбие мен білім беру іс-әрекетінде әннің, өнердің алатын орны бөлек. Ән айту арқылы адам өзінің кейбір сезімінің кезеңдерін сыртқа шығарады. Негізінде өнер қуу үшін ән шырқалмаған. Серілік пен салдық дәстүрдің нысаны болып келетін ән алдын ала жасалған, құрылған жоспармен жүзеге аспайтыны белгілі. Олай болса, сал-серілік дәстүрдің басымдық көрсеткіші – оның жағдайға байланысты туатыны. Сал-серілік өнерін кеңестік дәуірде дәріптеу Ахмет Жұбановқа оңайға түспеген. Оның бір мысалы ретінде Тәттімбеттің серілік өнерінің оңтайлы тұстарын талдай отырып, қорытындысында былай деп бағамен тұжырымдайды:

- 1) Түсіндіре кетуді тілейтін жай – «Былқылдақты» башпайымен тарту былай тұрсын екі қолдың саусақтарымен тартып шығуға да оңай түспейді;
- 2) Домбыра тартуда аспапты басына қайтып қағу, артына ұстап отырып ойнау, домбыраның бетін тықылдатып шерту – бәрі де тек көзбен көріп, фокус ретінде ләззат алмаса, дыбыстық, музыкалық жақтарынан ешбір этикалық нәтиже бермейді.
- 3) Еркек пен әйел айтысса да, домбыра тартылса да, үнемі еркекке ғана жеңдіретін, кешегі әйелді қорлаған заманның заңының дегенінде қалған таңбаның айғағы.

Көріп отырғанымыздай, Ахмет Жұбанов сал-серілік дәстүрдің өзіне таптық дүниетаныммен баға беріп отыр. Біраз талдаулары оңтайлы болғанымен, зерттеушінің ең соңғы бөлімдерінде жоғарыда келтірілгендей ой-тұжырымдар ғалымның Кеңес үкіметінің саясатына алаңдап отыруы мен олардың кейбір талаптарын «қанағаттандыру» мүддесін байқай аламыз.

Егер А.Жұбановтың жоғарыда біз талдап өткен материалдары болмағанда, сал-серілер жайлы ғылыми негіз жасауымыз қиынға соғар еді. Кеңестік дәуірде таптық дүниетанымды қару ретінде пайдаланып, Тәттімбеттің салдық өнерін кейінгі ұрпаққа мәдени мұра ретінде алып қалғаны бүгінгі этномәдени тәлімнің мазмұны ретінде қолдануға толық мүмкіндігіміз бар.

Бүгінгі зерттеушілер мен көне көз қариялардың айтуына қарағанда әншілік, ақындар мен сал-серілік өнер арасында әжептәуір айырмашылықтар бар. Серілердің сыртқы киім киістері салдармен салыстырғанда әлдеқайда

бірқыдыру тұрақты. Олардың дәстүрінде елден оқшау киіну, айшықты-айшық, әлем-жәлем сәнмен, жарқ-жүрқ етпе көрініс-пішіннен бойларын аулақ ұстау байқалады.

Ал, салдар болса, неғұрлым әшекейлі киім кесе, соғұрлым өздерінің басқалардан оқшау бағыт-бағдарын айқындай түседі. Ер адам болғандарына қарамай, шалбарларының балақтары кең болып, жаркылдақ моншақтармен әрленіп, әлемішті жасаулары мен мұндалап тұрады. Жалпы бас киімдерінен бастап, барлық киімдері әртүрлі түстерден кең пішіліп, сүйретіліп жүретін сәнде болады. Бас киімдеріне қалың үкі қадап, қымбат тастармен көмкеріліп келеді. Салдар серілермен салыстырғанда, топ-тобымен, атқосшы-жолдастарымен жүретіні байқалады. Әсіресе, ойын – сауық бар жерлерге әуестігі аңғарылады. Оны біздер М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы Біржан салдың Абай аулына келуінен байқаймыз.

Этникалық мәдениетте онтологиялық сарын басым болып келеді. Оның басты себебі дала, сахарадағы адамның табиғатқа деген, оның тылсым күшіне деген дүниетанымы, болмыстық денгейі өркендеп отырған. Жалпы алғанда, қазақ этносының жырларында бас қаһарманы – тәңірден тілеп алған жалғыз ұл. Оның өзін де әке, шешесі дінкелеп қартайған кезде және баласыздықтың зардабы өткен кезде барып көреді. Кейбір жырларда әулие-әнбиелерге түнеп, бала солардың шапағатымен дүниеге келеді. Олар кейде Баба Түкті шашты Әзиз, кейде Ғайып ерен Қырық шілтендер. Бұл – әрідегі көк тәңір, берідегі ислам нанымдарының нышаны.

Этностық код әуез әуеніне негізделеді. Осының бәрі дерлік әнмен өріліп, жыр өрнегімен айтылады. Жырдың басқа жанрлардан ерекше өзіне тән сарыны болады. Батырлық дәстүрді насихаттаушы осы жырлар. Ерекше нақышпен айтылатын барлық жырлардың ортақ оқиғасы төмендегідей:

1. Болашақ батырдың шешесі, кейде аюдың, кейде айдаһардың етіне, кейде жолбарыстың жүрегіне жерік болады.
2. Батыр ұл дүниеге келгеннен-ақ, басқа балалардан ерекше көзге түсер қасиеттері кездеседі. Бала айлап емес, күндеп өседі. Ат жалын тартып мінгесін-ақ, ол елін жаудан қорғауын арман етеді.
3. Батырлардың бәрі өзінің батырлығын жасынан танытады. Халқын басқа елдердің шабуылынан аман сақтауды негізгі мақсат тұтады. Жолда қанша қиыншылық көрсе де төзіп, ақыры жеңіп тынады. Кездескен бөгеттерден кейде өжет ерлігімен, кейде айласымен, тіпті, тәжірибелі жандардың көмегімен де құтылады. Қиындыққа мойып, жасып қалмай, тез шабуылға әзірленеді.
4. Әуезбен айтылатын бұл жырлардың қазақ халқына тән кодының бір пернесі – елдік мәселесі. Анықтап айтсақ, құлаққа жағымды әу-

- езбен патриоттық тілек-мүдде мәністері тындармандардың жүрегіне, сезімдеріне оң әсерін тигізеді. «Елдің күші – бірлігінде» деген этностық код басымдық мәнде.
5. Өз елін терең сүю мотиві жыр өрілімінде ерекше сезіммен айтылады. Психологиялық жағынан басқа халықтарда кездеспейтін үдемелету үрдісі аңғарылады.
 6. Ұлттық нақыштың бір сипаты – батырлар жырындағы әйелдер мәселесі. Көбінесе, батырлардың ерліктері үйлену, немесе жау алып кеткен әйелдерін іздеумен тікелей байланысты. Батырлар жырында жар іздеу мәселесі ғашықтықтан туған мотив емес, отбасын құру амалы іспетті болып келеді. Отбасын құрудың басты мақсаты – келешекке батырдың өзіндей, не өзінен асып түсетін ұрпақ қалдыру тілегіне келіп тіреледі. Қобыландыдан: Бөгенбай, Киікбай; Алпамыстан: Жәдігер; Тарғыннан: Әжігерей, Айтқожа т.б. Бұлардың кейбірі ерлігін әкесінен де асырып жібереді.
 7. Қазақ халқының кодын айқындайтын тағы бір ерекшелігі – батырлар жырында кездесетін жорыққа мінетін аттарының айрықша бапталып күтілуі. Олардың сұлулығы, қуса жетіп (әні шапшаң ырғақпен айтылады), қашса озатын жүйріктігі, жуан-жуас беріктігі шебер сурет режімен келеді. Кей тұста тәңірлік наным нышаны аттарда ерекше қасиеттер дарытып, әр нәрсені күні бұрын болжағыштық ес бітіріп сипаттайды. Жалпы қысылғанда қанат бітетін дәрежеде бейнеленеді. Жырларда жақсы атқа көп орын беріліп, оларды әр жағынан алып, батырмен қоса дәріптеп жырлайтыны байқалады.
 8. Қазақ халқының онтологиялық кодын айқындай түсерлік тағы бір белгісі – батырлар жырындағы аңшылық. Мәселен, Қамбар батырдың негізгі кәсібі аңшылық болып сипатталады. Бұндай құбылыстан әрісінде халықтың бастау кәсібі, күн көріс қамы аңшылық болғаны даусыз.

Қорыта келгенде, қазақ халқының XV ғасырда Алтын Орда құлаған соң құралған Ноғайлы деп аталған хандық тұсындағы Қыпшақ, Қаңлы, Қоңырат, Үйсін, Арғын, Найман, Алшын руларының батырлары жайлы ауызша-жазбаша шыққан жырлардың әуездік сарыны адамның әлем тану іскерлігіне бағытталған. Сондықтан бұл нысанды онтология аспектісіне жатқызуды біздер орынды деп есептеп, сал-серілік өнер барлық өнердің даму шегінің өркендеуінен туған бөлігі деген қорытынды жасауға мүмкіндік алдық. Оның алғашқы әдіснамасы онтологиялық деңгей екені айқындалды.

Егер, әлемтану іс-әрекетінде рухани құндылықтарды әлемтану үдерісіне қабыстырып сана-сезімге жинақтай алса, әр биоәлеумет өнер саласы-

ның айтайын деген ішкі мұратын авторлардай түсінері сөзсіз. Өкінішке орай, әр адам өзінің жеке басының танымдық өрісін басқалардан биік қойып отыратындықтан, өнер саласының кереметтерін ұға алмайтын деңгейде қалады. Өнер мектебінің сан-салалы жанрларының әрісінен бергі заманға дейінгі алатын орны, әлемтануға көмегі ерекше екеніне тоқталу артық. Әлемтану өнер кеңістігінде әрбір жеке тұлғаның әлеуметтік өміріне жағымды әсер етеді. Өнер мектебінің педагогикалық әдіснамасын көбінесе ескі өмірден осы заманға әкелер тарихи желінің куәсі ретінде ауыз әдебиеті жанрларынан іздеген орынды. Алдыңғы онтологиялық деңгейдегі өзіндік этностың коды бар екеніне көзіміз жеткен сияқты. Сол секілді гносеологиялық деңгейде де халықтың тек өзіне тән коды жеке тұлғалардың ішкі қабылдау мүмкіндіктеріне бағынышты екендігі анықталды. Мұнымен бірге халықтық сипат арқылы сол халықтың білімі, өнері, тарихы, діні, нанымы, тәлім-тәрбие нышандары байқалатыны зерттеу барысында аңғарылды. Халықтық сипат өзінің бойына толып жатқан сипатты сыйғызып жататыны, дәуір тынысын танытатыны гносеологиялық деңгейге қозғаушы күш екені де белгілі болды. Жырмен айтылатын шығармалардың шығуы мен дамуынан тарихи ақиқаттар да байқалып отырады. Сол дәуірдегі тарихи шындықтардың көмескі болса да сілемдерден көрініс табылады. Әрине, аталған жырларды тудырушылар, бірақ олардың аттары бимәлім тұлғалар өздерінің әлемтану үдерісінің шама-шарқымен жырларды өмірге әкелгені белгілі. Міне, осы нысаналы ішкі қалыпты гносеологиялық деңгей дейміз. Танымдарының тағылым деңгейі.

Сал-серілер арқылы тәрбие беру амалын жүзеге асыру үшін қазақ халқы арнаулы мектеп ашпаса да, оның орнын ел-жұрт, орта ауыстырып отырған. Сал-серілердің табиғат аясынан өздеріне рухани нәр алуы, табиғаттың бір бөлігі ретінде өздерін сезінуі онтологиялық деңгейге жеткізген.

Сол секілді қоршаған ортасына, әлеуметтік сипатқа ақиқатты тұрғыда ән шығару, күй арнау, қойылымдар құру және т.б. амалдар арқылы танымдық тағылымдар түйінделіп отырған. Бұндай іс-әрекет сал-серілерді гносеологиялық деңгейге бағдарлаған.

Өзінің өнеріне ортадағы болып жатқан құндылықтардан қуат алуы және жамандықтан бойларын сақтауы сияқты амалдар сал-серілердің аксиологиялық деңгейге ұмтылуына қолайлы жағдай туғызған.

Көріп отырғанымыздай, сал-серілік дәстүр арқылы этномәдени тәрбие берудің теориялық негізіне қатысты біздер тарихшы-философтардың және өнертану ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап өттік. Талдау барысында байқағанымыз, сал-серілік дәстүр жайлы оның этномәдени тәрбие берудегі тарихы туралы уәжді, ғылыми тұжырымды кездестіру қиын.

Сал-серілік дәстүр арқылы тәрбие берудің тарихына көз жүгіртсек, біздер бұл материалдардан кезеңге бөлгендікті немесе оның ғылыми негізін жасаған құрылымды даяр күйінде қолданылмағаны анық екендігін пайымдаймыз.

БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ СПИСОК

1. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. V. Сбор. 1885.
2. Дюсембинова Р.К. Музыкально-эстетическое воспитание школьников средствами казахского народного песенного творчества : автореф. дис. ... канд. пед. наук. Алма-Ата, 1992.
3. Ахметжанова К. Традиционная культура как основа идентификации казахского этноса: дис. ... д-ра филос. наук. Алматы, 2006.
4. Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. Алма-Ата, 1975.
5. Сарыбеков Ж. Воспитание к любви и природе. Алматы, 1994.
6. Абу Насыр аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. Алма-Ата, 1987.

BIBLIOGRAPHY

1. Radlov V. V. Samples of folk literature of the Northern Turkic tribes. V. Collection. 1885.
2. Dyusembekova R. K. Musical-aesthetic education of pupils by means of Kazakh folk song: author. dis... kand. PED. Sciences. Alma-Ata, 1992.
3. Ahmetzhanova K. Traditional culture as the basis for identification of the Kazakh ethnic group: dis. Doc. Philosopher. Almaty, 2006.
4. Bakhtin M. Problems of literature and aesthetics. Alma-Ata, 1975.
5. Sarybekov J. Education for love and nature. Almaty, 1994.
6. Abu Nasr al-Farabi. Natural-scientific treatises. Alma-Ata, 1987.